

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 716 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 50, 496-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін; көрсетілген қаулымен бекітілген Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарлама паспорты" деген 1-бөлімде:

"Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері" деген жолда:

бірінші абзацтағы "Жұмыс істеп тұрған тау-кен және мұнай өңдеу кәсіпорындары үшін" және ", жер қойнауы мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды қамтамасыз етуге" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу;";
екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"кен аудандарын геологиялық-минерагендік картаға түсіру;";

"Күтілетін нәтижелер" деген жолда:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мынадай әскери сынақ полигондары мен маңызды тау-кен және мұнай-газ өндіретін аудандардың аумақтары бойынша жер қыртысының құрылымы туралы қазіргі түсініктер негізінде 1:200000 масштабының геологиялық картографиялық негізі ж а с а л а т ы н б о л а д ы :

"2005 жылы - Сарыөзек, Ембі әскери полигондары, Балқаш маңы, Текелі, Жәйрем-Үшқатын, Көкшетау, Қарағанды және Батыс Қалба тау-кен аудандары;

2006 жылы - Көкшетау, Бенқала тау-кен аудандары мен солтүстік Тянь-Шань;

2007 жылы - Семей полигонының шығыс жиектеуі, Ресеймен шекаралас Кенді Алтай аудандары, солтүстік Жоңғар (Текелі), Орталық Қаратау, Жәйрем-Үшқатын т а у - к е н а у д а н д а р ы ;

2008-2010 жылдары 1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу

жұмыстары Қазақстан аумағының негізгі тау-кен-өнеркәсіптік аудандарды қамтитын үлкен бөлігінде аяқталатын болады;

кенденудің әр түрлі типтерінің минерагендік карталары, іздеу жұмыстарының одан арғы бағыты бойынша болжам мен ұсынымдар карталары жасалатын болады;"

екінші абзацта "телімдері" деген сөз "объектілері" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қорлардың күтілетін өсімі:

2005 жылы - алтын - 5 тоннаны, мыс - 5 мың тоннаны, қорғасын - 30 мың тоннаны, мырыш - 70 мың тоннаны, күміс - 70 тоннаны;

2006 жылы - мыс - 30 мың тоннаны, қорғасын - 50 мың тоннаны, мырыш - 100 мың т о н н а н ы ;

2007 жылы - алтын - 45-50 тоннаны, мыс - 100 мың тоннаны, қорғасын - 20 мың тоннаны, мырыш - 45 мың тоннаны;

2008-2010 жылдары - алтын - 25 тоннаны, мыс - 500 мың тоннаны, тантал - 500 т о н н а н ы қ ұ р а й д ы ; " ;

алтыншы абзацта "ғылыми-зерттеу жұмыстары" деген сөздер "қолданбалы ғылыми зерттеулері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қаржыландыру көлемі мен көздері" деген жолда:

"2005 ж. - 2400,4 млн. теңге;

2006 ж. - 2469,5 млн. теңге;

2007-2010 ж.ж. - 33852,7 млн. теңге" деген сөздер мынадай сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н :

"2005 ж. - 2922,7 млн. теңге;

2006 ж. - 3056,9 млн. теңге;

2007 ж. - 3210,4 млн. теңге;

2008-2010 ж.ж. - 23179,5 млн. теңге.";

"Елдің минералдық-шикізаттық базасының қазіргі жай-күйін талдау" деген 3-б ө л і м д е :

"Елдің минералдық-шикізаттық базасының жай-күйі" деген 3.2-бөлімшеде:

екінші абзацтағы "1995 жылдан бастап никель бойынша және 1996 жылдан бастап қорғасын бойынша өнеркәсіптік санаттағы қорлар бір тоннаға да өспеді" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

бесінші абзацтағы "Ұңғымалар бұрғыланып әрі", "байқап" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері" деген 4-бөлімде:

бірінші абзацтағы "жұмыс істеп тұрған тау-кен және мұнай өңдеу кәсіпорындары үшін" және ", жер қойнауы мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды қамтамасыз етуге" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу";
екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"кенді аудандарды геологиялық-минерагендік картаға түсіру";

бөлім мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"мұнай және өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау";

"Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген 5-бөлімде:

"1:200000 масштабында жер қойнауын жете геологиялық зерттеу." деген 5.1-бөлімшенің атауында "масштабында жер қойнауын" деген сөздер "масштабтағы алаңдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5.1-1-бөлімшемен толықтырылсын:

"5.1-1. Кенді аудандарды геологиялық-минерагендік картаға түсіру

Геологиялық-минерагендік картаға түсірудің мақсаты берілген түрдегі минералдық шикізат кен орындарын табуға қатысты перспективалы алаңдарды жедел табу, контурлау және болжамды ресурстарын бағалау болып табылады. Кен алаңдары немесе телімдер болжау объектілері болады. Болжамды ресурстар қоса алғанда Р₁ санатына дейін анықталатын болады. Геологиялық-минерагендік картаға түсіру минералдық шикізат экономикасында негізгі мәні бар кен орындарының геологиялық-өнеркәсіптік типтерін құрайтын белгілі бір кен формациялар шегінде жүргізілетін болады. Геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жүргізу нәтижесінде кенденудің әр түрлі типтерінің минерагендік карталары, іздеу жұмыстарының одан арғы бағыты бойынша болжам мен ұсынымдар карталары жасалады.

2006 жылы - Темірлік-Тұйық алаңы (Оңтүстік Қазақстан) мен Ақбастау-Қосмұрын металлогендік аймағы (Орталық және Шығыс Қазақстан шекарасы) шегінде геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жүргізу.

2007 жылы - Темірлік-Тұйық алаңы мен Ақбастау-Қосмұрын металлогендік аймағы шегінде геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жалғастыру.

2008-2010 жылдары - Темірлік-Тұйық алаңы мен Ақбастау-Қосмұрын металлогендік аймағы шегінде геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жалғастыру.

"

;

"Іздеу, іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстары" деген 5.3-бөлімшеде бірінші абзацта "жете геологиялық зерттеу" деген сөздерден кейін "және геологиялық-минерагендік картаға түсіру" деген сөздермен толықтырылсын;

5.3-бөлімшенің 5.3.1., 5.3.2., 5.3.3-тараулары мынадай редакцияда жазылсын:

"5.3.1. Қатты пайдалы қазбаларды іздеу-бағалау жұмыстары

2005 жылы Бахрушинский және Лиманный кен орындарындағы, Алтын-Борлыкөл теліміндегі, Жекедуан кен алаңындағы іздеу-бағалау жұмыстары аяқталып келеді; Селекционный кен аймағы мен Құндызды кен орнындағы жұмыстар жалғастырылатын

болады; Спасск кен аймағы шегіндегі Қамқор телімінде мысқа арналған жұмыстар жүргізу жоспарланып отыр.

Қамқор телімі Қарағанды қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 140 км жерде орналасқан. Алаңы 20 ш.км құрайтын телімде габброидтардың қойнауқатаралық интрузивтерінде және вулканогендік-шөгінділерге жапсарлас қабаттарда жергіліктенген кен денелері табылған. Кендену 280 м тереңдікке дейін қадағаланған. Кен денелерінің ұзындығы - 60-тан 150-300 м дейін, қалыңдығы - 12-29 м, мыс құрамы 0,1-2,2 %. Мыс қорларының күтілетін өсімі 100 - 150 мың тонна.

2006 жылы Құндызды кен орнында, Селекционный кен аймағында іздеу-бағалау жұмыстары аяқталады; Спасск кен аймағы шегіндегі Қамқор теліміндегі жұмыстар жалғастырылатын болады; Вавилон кен білінуі мен Глебовский, Қаратас, Қорғانتас, Қадыр телімдерінде жұмыстарды орындау жоспарланып отыр.

Вавилон кен білінуі Семей қаласынан шығысқа қарай 70-80 км жерде орналасқан. Кенді алаң шегінде табылған Вавилон кен орны мыспирротин типіне жатады. Кендегі мыстың құрамы 0,85 %. P_1 санатындағы мыстың күтілетін болжамды ресурстары - 200 мың тонна. Шығыс Қазақстандағы Вавилон кен алаңында іздеу-бағалау жұмыстарын жолға қою мыс кен өнеркәсібінің минералдық-шикізаттық базасын толықтыру проблемаларына негізделген.

Глебовский телімі Жітіқара қаласынан солтүстік шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан. Телімде ұзындығы 3-5 км, ені 300-500 м үш алтынды аймақ белгіленді. Олардың шегінде алтынның орташа құрамы 2,1 - 6,6 г/т 12 кен денелері айқындалды. Кен денелерінің қалыңдығы 1,5 м болған кездегі жайылу ұзындығы 500 м дейін, еңістенуі - 110 м дейінгі жерді алынып жатыр. Кен денелері үстіңгі бетпен астасып жатыр. Телім алаңы 20 ш.км. Жұмыстың мақсаты Жітіқара тау-кен ауданының минералдық-шикізаттық базасын нығайту болып табылады. Алтын қорларының күтілетін өсімі - 3000 кг.

Қаратас телімі Алматы қаласынан батысқа қарай 150 км жерде Жамбыл облысында орналасқан. Телімде гидротермалдық өзгерістерге ұшыраған таужыныстарымен жиектелген кварц тастамырларымен және қысқа тастарамыстармен қалыптасып, тік еңістелген минералданған аймақтар айқындалған. Аймақ шегінде 26 кен денелері белгіленген. 13 кен денелеріндегі алтын құрамы 3 г/т астам, қалғандарында - 1-3 г/т, кен бағаналарында - 5-тен 23 г/т дейін. Телім алаңы 2,5 ш.км құрайды. Алтын қорларының күтілетін өсімі - 26,7 тонна.

Қорғантас телімі Қарағанды облысында Балқаштан солтүстік-батысқа қарай 170 км жерде орналасқан. Мыс кенінің білінуі қайталама кварциттер алабымен байланысты. Ұңғымалардың 100-200 м тереңдігі аралығында кварц-сирициттік метасоматиттермен байланысты мыспорфирлік типтегі кендену ашылды. 60-тан 120 м дейінгі қалыңдықтағы мыс құрамы 0,64 %, көзге көрінетін қалыңдық 12 м болғанда 2,17%-ға

жетеді. Мыстың болжамды ресурстары 400 мың тонна деп бағаланады.

Қадыр телімі Солтүстік Қазақстан облысында Көкшетау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 100 км жерде орналасқан. Телім орлиногор кешенінің сирек кездесетін металды граниттері жарып шыққан, зеренді свитасының метаморфикалық таужыныстарымен қалыптасқан. Телім шегіндегі іздеу ұңғымаларымен құрамында бестотықты тантал 0,01 % шегінде және 0,03-тен 0,08 %-ға дейін бестотықты ниобий бар сирек кездесетін металды граниттердің желмен мүжілген қыртыстары ашылды. Бестотықты танталдың болжамды ресурстары 500 тонна деп бағаланады.

2007 жылы Қамқор, Глебовский, Қаратас, Қорғантас және Қадыр телімдерінде іздеу-бағалау жұмыстары аяқталатын болады.

2008-2010 жылдары пайдалы қазбалардың маңызды түрлеріне іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр, атап айтқанда: алтын (Оңтүстік Шығыс Бұйрақой кен білінуі, Тұз кен орны, Шуақ кен алаңы); мыс (Жангелді кен алаңы, Соқырқой, Сәмембет, Ай кен білінулері); тантал (Володар кен аймағы).

Төменде іздеу-бағалау жұмыстарына неғұрлым тән объектілердің сипаттамалары келтіріледі.

Соқырқой кен орны Балқаш қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 100 км жерде орналасқан. Мыс-порфир және алтын кенденуі қайталама кварциттер алабына қосылған. Ұңғымаларды сынамау деректері бойынша қалыңдығы алғашқы метрлерден 10-20 м дейінгі, 20,0 - 30,0-ден 160,0 м дейінгі тереңдікте өте тік астасқан, етегі еңістенген 3 кен денесі бөлініп алынды. Кендену қайталама сульфид байыту аймағына орайластырылған. Кенді аймақтың көлемі 1200 x 300 - 400 м шамасында. Мыстың болжамды ресурстары 200 мың тонна деп бағаланып отыр. Мыс кені кеніштерінің батыс қанатында алтынның мол құрамы айқындалды, оның болжамды ресурстары 12,5 тоннаны құрайды.

Шуақ кен алаңы Көкшетау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 220 км жерде орналасқан және Манғұл VI, Шайтанды, Шуақ кен көріністерін қамтиды. Желмен мүжілген желілік қыртыстар және негізгі метасоматикалық өзгерістерге ұшыраған таужыныстарында орташа қалыңдығы 22 м болған кездегі ұзындығы 1200 м дейін тастарамысты-сеппелі алтынмен кендену аймағы айқындалды. Аймақ шегінде алтынның орташа құрамы 5 - 6 г/т кен денелерінің бар екені анықталды. Алтынның серіктесі, құрамы 2 - 4 % дейінгі мыс болып табылады. Жүргізілетін жұмыстардың мақсаты - инвесторлар тарту үшін кейін тендерлік ұсыныстар жасап, экономикалық рентабельді алтын кен объектілерін айқындау болып табылады. Алтын қорларының күтілетін өсімі 8 - 10 тонна.

Сәмембет кен білінуі Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 150 км жерде орналасқан. Кен орнында ұзындығы 800-1500 м, қалыңдығы 20-150 м 5 скарндық кен денесі белгілі. Еңістенуі бойынша анықталған тереңдігі 150-250 м. Кендену халькопирит, борнит, халькозин, висмутин, галенит, сфалерит себеленген қысқа

тастарамыстарды білдіреді. Кендерде мыстан басқа, 0,14-0,17% висмут, 1,16-1,62% - қорғасын, 1,73% - мырыш бар. 100 м дейінгі тереңдіктегі мыстың болжамды ресурстары, кендегі орташа құрамы 1,25% болған кезде, 168,5 мың тонна деп б а ғ а л а н у д а .

5.3.2. Көмірсутекті шикізатты іздеу жұмыстары

2005 жылы Арал маңы телімінің шегінде іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. МОГТ - 2Д сейсмикалық зерттеулер жүргізілетін, " Қазақойл-Жапон ұлттық мұнай компаниясы" жобасы бойынша мұрағаттық сейсмикалық деректер өңделетін және қайта пайымдалатын, іздеу ұңғымасы бұрғыланатын болады. Жәнібек аймағында сейсмикалық және гравиметриялық зерттеулерді жалғастыру көзделіп отыр.

2006 жылы - Арал маңы телімінде геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру және Жәнібек аймағында геологиялық барлау жұмыстарын аяқтау.

2007 жылы - Арал маңы телімінде іздеу-бағалау жұмыстарын аяқтау.

2008-2010 жылдары Шығыс Іле, Теңіз ойпаттарында, Арал маңында, Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндері шегінде геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру, Сырдария ойпатында жұмыстар жүргізу.

5.3.3. Іздеу-барлау жұмыстары

Б а ғ д а р л а м а д а :

2005 жылы - Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы 33 елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау және Ақмола, Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы 34 елді мекенге арналған іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді бастау;

2006 жылы - Ақмола, Батыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы 34 елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау және Қазақстан Республикасының әкімшілік облыстарындағы 35 ауылдық елді мекен үшін іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді бастау;

2007 жылы - 35 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау және Қазақстан Республикасы әкімшілік облыстарындағы 36 ауылдық елді мекен үшін іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді б а с т а у ;

2008-2010 жылдары - 36 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстарын аяқтау және Қазақстан Республикасының әкімшілік облыстарындағы 119 ауылдық елді мекенге арналған іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді бастау көзделіп отыр."

"Минералдық-шикізаттық база мен жер қойнауын пайдаланудың мониторингі" деген

5.4 - б ө л і м ш е д е :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1999 жылдан бастап Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық кешенін дамытуды болжау және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған минералдық-шикізаттық базаның жай-күйін үлгілеу жөнінде жұмыс жүргізілуде. Осы бағыт шеңберінде қорғасын, мырыш, мыс, алтын, темір (2000 жылы), барит, фосфор, марганец, бокситтер, көмір (2001 жылы), мұнай, газ, конденсат (2002 жылы), хром, никель, тантал, ниобий, уран, агрономиялық кендер (2003 жылы), вольфрам, молибден, қалайы, бериллий, литий, кобальт (2004 жылы), алмас, цирконий, талшықтас және бор (2005 жылдың 1-тоқсаны) бойынша жұмыстар аяқталды. Қалайының, тантал мен платинаның (2004 жылы) болжамды ресурстарына баға берілді.";

5.5-бөлімше мынадай редакцияда жазылсын:

"5.5. Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мониторингін Мемлекеттік қадағалау торабы жер қойнауының жай-күйі мен жер асты суларының 150-ден астам көрсеткіштерін бақылайды. Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мониторингін жүргізу жұмыс істеп тұрған пункттерде режимдік қадағалауды жалғастыруды, жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мониторингінің полигондарын құрумен қатар мемлекеттік торапты кеңейтуді (оңтайландыру), Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мемлекеттік мониторингінің дерекқорын толықтыруды және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттардың Орталық деректер банкі құрамында жұмыс істеуді, "Жер асты сулары" кіші жүйесі бойынша Мемлекеттік су кадастрын жүргізуді, Ақпараттық компьютерлік жүйені жетілдіруді қоса алғанда, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Бағдарламада:

2005 жылы - жер асты суларының 5005 пунктінде мониторинг жүргізу, қауіпті геологиялық процестерді қадағалау, жер асты сулары мониторингінің мемлекеттік торабын кеңейту (оңтайландыру), қауіпті геологиялық процестердің (сырғымалар, селдер, құламалар) мониторингін жүргізу үшін 20 бекетті қалпына келтіру, жер асты сулары ластануының Елек полигонын құруды жалғастыру, Луговой сейсмомониторинг бекетін, қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша Қаскелең-Талғар полигонын құруды аяқтау, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мемлекеттік мониторингінің дерекқорын жүргізу және оның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттардың Орталық деректер банкі құрамында жұмыс істеуі, "Жер асты сулары" кіші жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік су кадастрын жүргізуді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу, жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық кесімдер мен нормаларды даярлау, мемлекеттік қадағалау пункттеріне жер бөліністерін ресімдеуді бастау;

2006 жылы - 5005 қадағалау пунктінде жер асты суларының, 22 пунктте қауіпті геологиялық процестердің мониторингін жүргізу, жер асты сулары мониторингінің

мемлекеттік торабын кеңейту (оңтайландыру), 5 жаңа бекет құру және Шығыс Қазақстан облысындағы 20 бекет негізінде қауіпті геологиялық процестердің (сырғымалар, селдер, құламалар) Ертіс және Бұқтарма полигондарын құру мен қадағалау жүргізуді жалғастыру, жер асты суларының техногендік ластануының Елек, Мірғалымсай-Түркістан полигондарын құру, қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша Қаскелең-Талғар полигонын құру, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мемлекеттік мониторингінің дерекқорын жүргізу және оның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттардың Орталық деректер банкі құрамында жұмыс істеуі, "Жер асты сулары" кіші жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік су кадастрын жүргізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық кесімдер мен нормаларды даярлау, мемлекеттік қадағалау пункттеріне жер бөліністерін

р е с і м д е у ;

2007 жылы - 5005 қадағалау пунктінде жер асты суларының, 13 пунктте қауіпті геологиялық процестердің, Ертіс, Бұқтырма және Талғар-Қаскелең қауіпті геологиялық процестер полигондарында мониторингін жүргізу, қауіпті геологиялық процестердің 3 жаңа бекетін құру, мемлекеттік торапты кеңейту (оңтайландыру), қауіпті геологиялық процестердің (сырғымалар, селдер, құламалар) жаңа бекеттері мен полигондарын Жер асты суларының мемлекеттік мониторингін құру, Елек, Қошқарата, Мірғалымсай-Түркістан, Тобыл-Обаған, Ертіс полигондарында жер асты суларының техногендік ластануына қадағалау жүргізу, жер сілкінісінің хабаршыларын зерттеу бойынша Алматы болжау полигонында қадағалау жүргізу, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мемлекеттік мониторингінің дерекқорын жүргізу және оның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттардың Орталық деректер банкі құрамында жұмыс істеуі, "Жер асты сулары" кіші жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік су кадастрын жүргізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық кесімдер мен нормаларды даярлау, мемлекеттік қадағалау пункттеріне жер бөліністерін

р е с і м д е у ;

2008-2010 жылдары жұмыс істеп тұрған қадағалау пункттеріне жер асты суларының мониторингін жүргізу, инфрақұрылымы анағұрлым дамыған және халқы тығыз орналасқан әрі қауіпті құбылыстарға үдемелі ұшыраған аумақтарда қауіпті геологиялық процестердің (сырғымалар, селдер, құламалар) жаңа бекеттері мен полигондарын және Жер асты суларының мемлекеттік мониторингін құру, жер асты суларының техногендік ластануының Іле, Қошқарата, Мірғалымсай-Түркістан, Тобыл-Обаған, Ертіс полигондарында қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша Қаскелең-Талғар полигонында, жер сілкінісінің хабаршыларын зерттеу

бойынша Алматы болжау полигонында қадағалау жүргізуді жалғастыру, Балқаш-Алакөл, Ташкент маңы және Батыс Қазақстан артезиандық бассейндерінде полигондардың автоматтандырылған үлгісін құруды бастау, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мемлекеттік мониторингінің дерекқорын жүргізу және оның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттардың Орталық деректер банкі құрамында жұмыс істеуі, "Жер асты сулары" кіші жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік су кадастрын жүргізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу, Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық кесімдер мен нормаларды даярлау, мемлекеттік қадағалау пункттеріне жер бөліністерін ресімдеуді бастау көзделіп отыр.";

"Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы қазіргі заманғы ақпараттық жүйе құру. Геологиялық зерттеулерді ақпараттық қамтамасыз ету" деген 5.6-бөлімшеде сегізінші абзацтағы "жер қойнауын қорғау" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

5.6-1-бөлімше мынадай редакцияда жазылсын:

"5.6.1. Мұнай мен өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау

Жұмыстар 1999 жылғы 21 қаңтардағы N 1019 "Қазақстан Республикасында пайдалы қазбаларды қазу барысында жер қойнауын қорғау бойынша бірыңғай ережелердің" II бөлімінің 139-тармағына сәйкес жүргізіледі.

2005 жылы - 11 мұнай ұңғымасын, оның ішінде құрлықтағы 4 және Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 7 өздігінен асып төгілетін 46 гидрогеологиялық, оның ішінде 41 құрамында радионуклидтер бар ұңғымаларды, 5 жоғары дебитті ұңғымаларды жою.

2006 жылы - Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 6 мұнай ұңғымасын, 74 өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою.

2007 жылы - Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 6 мұнай ұңғымасын, 77 өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою мен консервациялау.

2008-2010 жылдары - Каспий теңізінің су басып кеткен аймағындағы 30 мұнай ұңғымасын, 1779 өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою мен консервациялау.";

"Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде 2003-2010 жылдарға арналып жоспарланған геологиялық барлау жұмыстарының кестесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген 7-бөлімде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 1:200000 масштабтағы алаңдарды жете геологиялық зерттеу нәтижесінде 2010 жылға қарай Жер туралы ғылымдар саласындағы қазіргі заманғы ғылыми көзқарастар

мен жетістіктерге сәйкес жаңа буынның геологиялық негізін жасау көзделеді. Зерттелген алаңдар шегінде минералдық шикізаттардың алуан түрлерінің болжамды ресурстары анықталатын; әр түрлі геологиялық құрылымдардың металдылық перспективасы белгіленетін; пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға перспективалы телімдер бөлінетін болады.

2005 жылы Сарыөзек және Ембі әскери полигондары, Балқаш маңы, Текелі, Жәйрем-Үшқатын, Көкшетау, Текелі, Қарағанды және Батыс Қалба тау-кен аудандары шегінде 120 мың ш. км астам аумақта 1:200000 масштабта жете геологиялық зерттеу жұмыстарын аяқтау көзделіп отыр. Алуан түрлі минералдық шикізат түрлерінің кен орындарын анықтауға перспективалы телімдер бөлінетін, пайдалы қазбалардың алуан түрінің болжамды ресурстары бағаланатын және зерттелген аумақ шегінде минералдық-шикізаттық базаны толықтыру мақсатында мейлінше егжей-тегжейлі іздестіру жұмыстарын одан әрі жүргізу жөнінде ұсынымдар берілетін болады.

2006 жылы Көкшетау және Бенқала тау-кен аудандары, солтүстік Тянь-Шань шегіндегі алаңдарды 1:200000 масштабта жете геологиялық зерттеу жұмыстары аяқталды.

2007 жылы Семей полигонының шығыс жиектеу шегінде, Ресеймен шекаралас Кенді Алтай аудандарында, солтүстік Жоңғар (Текелі тау-кен ауданы), Орталық Қаратау, Жәйрем-Үшқатын тау-кен аудандарында алаңдарды 1:200000 масштабта жете геологиялық зерттеу жұмыстарын аяқтау көзделіп отыр.

2008-2010 жылдар кезеңінде 1:200000 масштабтағы алаңдарды геологиялық жете зерттеу жұмыстары, негізгі тау-кен-өнеркәсіп аудандарын қамтитын және 1:200000 масштабтағы алаңдарға жете геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы Қазақстан аумағының көп бөлігінде аяқталатын болады. Нәтижесінде түрлі аймақтардың геологиялық құрылымы туралы қазіргі ғылыми көзқарасқа жауап беретін геологиялық негіз жасалатын болады. Барлық зерттелген аумақтарда пайдалы қазбалардың болжамды ресурстары айқындалатын, бәсекеге қабілетті минералдық шикізаттың жаңа кен орындарын табу мақсатында жер қойнауын одан әрі зерттеудің негізгі бағыттары қалыптасатын болады.

2. Геологиялық-минерагендік картаға түсіруді жүргізу нәтижесінде кенденудің түрлі типтерінің минерагендік карталары, іздеу жұмыстарының одан арғы бағыты бойынша болжам мен ұсынымдар карталары жасалатын болады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. 2005 жылы Шығыс Қазақстанда түсті және бағалы металдардың минералды-шикізаттық базасын нығайту мақсатында полиметал кенінің бір кен орнын табу көзделіп отыр. Орталық Қазақстанда алтын мен мыстың 2 кен орны айқындалатын болады. Батыс Қазақстанда Лиманное мыс-мырыш кен орнының кен алаңында іздеу-бағалау жұмыстары аяқталатын болады. Аяқталған жұмыстар бойынша 5 тонна алтын, 5 мың тонна мыс, 30 мың тонна қорғасын, 70 мың тонна мырыш, 70 тонна күміс

қорларының өсімі алынады деп күтілуде.

2006 жылы Селекционный кен аймағы (Шығыс Қазақстан) мен Құндызды (Батыс Қазақстан) кен орнының кен алаңы шегінде мыс, мырыш, қорғасын қорларының өсімін алу мақсатында іздеу-бағалау жұмыстары аяқталады. Мыс қорларының күтілетін өсімі 30 мың тоннаны құрайды, қорғасын - 50 мың тонна, мырыш - 100 мың тонна.

2007 жылы Батыс Қазақстанда (Оңтүстік Балқымбай телімі), Жітіқара алтынды кен ауданында (Глебов телімі), Оңтүстік Қазақстанда (Қаратас және Қызылағаш телімдері) іздеу-бағалау жұмыстарының аяқталуы және алтын қорының өсімі алынады деп күтілуде. Лениногор кен ауданында Чашин телімінде алтын мен полиметалдар қорының өсімі алынады деп күтілуде. Орталық Қазақстанда Қамқор мыс кен орны барланатын болады. Мыс қорының күтілетін өсімі 100 мың тоннаны құрайды, қорғасын - 20 мың тонна, мырыш - 45 мың тонна, алтын - 45-50 мың тонна.

2008-2010 жылдары Ай мыс-порфирлік кен орнында, Жангелді кен алаңында, Сәлембет кен білінуінде мыс қорының өсімін алу мақсатында іздеу-бағалау жұмыстары жүргізілетін болады. Тұз алтын-кен кен орнының қанаттарында, Соқырқой Оңтүстік-Шығыс Бұйрақой кен білінулерінде, Шуақ кен алаңында алтын қорының өсімі алынады деп күтілуде. Володар кен аймағында іздеу-бағалау жұмыстары жүргізіледі және тантал қорының өсімі алынады деп күтілуде. Мыс қорының өсімі 500 мың тоннаны құрайды, алтын - 25 тонна және тантал - 500 тонна деп күтілуде.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Режимдік қадағалау жүргізу нәтижелері бойынша жер қойнауының жай-күйіне, соның ішінде ауыз суға арналған кен орындарындағы жер асты суларына баға берілетін , кадастр жасалатын және жер асты суларына, жер асты суларының ластануы, құнарсыздануы мен өзге де әсер ету көздеріне есеп жүргізілетін; жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингі ақпараттық компьютерлік жүйесінің дерекқоры жасалатын; жер қойнауының, соның ішінде бас тоғандар мен кен орындарында жер асты суларының жай-күйіне, ластануы мен құнарсыздануына, олардың ластану көздеріне мемлекеттік бақылау жүргізу күшейтілетін; жер асты суларының жай-күйіне баға берілетін болады.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Өңірлік гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер нәтижесінде жер асты суларының таралуы мен қалыптасуының аймақтық заңдылығы анықталатын, іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізуге арналған перспективалы телімдер контурланатын, жер асты суларының ластану алаңдары мен телімдері және басқа да қауіпті геологиялық процестердің көрінісі айқындалатын, Қазақстанның өндірістік күштерін орналастыра отырып, ел халқының мекендеу схемасын және аудандық жоспарды негіздеу бойынша нақты графикалық және картографиялық материалдар ж а с а л а т ы н б о л а д ы . " ;

"Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010

2.	1:200000 масштабтағында геологиялық жете зерттеу (ГДП-200)	м ы ң ш. км	58,64	78,04	30,89	32,3	38,0
3.	Кен аудандарын геологиялық-минерагендік картаға түсіру	млн. теңге	-	-	-	-	-
4.	1:200000 масштабтағында гидрогеологиялық жете зерттеу, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер	м ы ң ш. км	20,36	27,08	17,54	18,31	23,1
2) Іздеу жұмыстары (101-кіші бағдарлама)							
1.	Қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу-бағалау жұмыстары	ш. км	150,0	287,0	250,0	275,0	300,0
2.	Көмірсутекті шикізатқа геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу	млн. теңге	-	-	-	-	-
3.	ГДП-200 жүргізу нәтижесінде анықталған телімдердегі іздеу-бағалау жұмыстарын және геологиялық материалдарды қорыту	млн. теңге	-	-	-	-	-
3) Іздеу-барлау жұмыстары (102-кіші бағдарлама)							
1.	Астана қаласын сумен жабдықтаудың қосымша көздерін іздестіру жөніндегі іздеу-барлау жұмыстары (065 бағдарлама)	м ы ң т . м м / тәул.	6	-	-	-	-
2.	Ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге арналған іздеу-барлау жұмыстары	пункт	-	33	34	35	36
2. Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану мониторингі (014-бағдарлама)							

1.	Минералдық-шикі-заттық база мен жер қойнауын пайдалану мониторингі (100 кіші бағдарлама)	адам/ай	1484	1837	1934	2015	2109
2.	Жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестер мониторингі (101 кіші бағдарлама)	млн. теңге	-	-	-	-	-
1)	Қадағалау бекеттерінде жер асты суларының мониторингін жүргізу	пункт	4565	4785	5005	5005	5005
2)	Полигондарда жер асты суларының мониторингін жүргізу және оларды жасау	полигон	-	-	2	3	5
3)	Жер асты суларының мониторингі мен қауіпті геологиялық процестердің деректер банкін, мемлекеттік су кадастрын (жер асты сулары) жүргізу	млн. теңге	-	-	-	-	-
4)	Бекеттерде қауіпті геологиялық процестерге мониторинг жүргізу және оларды жасау	бекет	-	-	40	27	18
5)	Қауіпті геологиялық процестерте мониторинг жүргізу бойынша полигондар жасау	полигон	-	-	1	1	-
6)	Полигондарда қауіпті геологиялық процестерге мониторинг жүргізу	полигон	-	-	-	2	3
7)	Мемлекеттік қадағалау бекеттеріне жер бөлінісін ресімдеу	пункт	-	-	3000	3000	1500
	Консервацияланған қадағалау бекет-						

8)	терін қалпына келтіру және мем-лекеттік желіні оңтайландыру	пункт	220	220	-	-	-
3. Мұнай және өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау (017-бағдарлама)							
1.	Мұнай ұңғымаларын айқындау және тексеру	ұңғ.	-	92	-	-	-
2.	Гидрогеологиялық ұңғымаларды айқындау және тексеру	ұңғ.	-	500	-	-	-
3.	Базалық құжаттаманы пысықтау және бұрғылау станогын жасау	млн. теңге	-	-	-	-	-
4.	Өздігінен асып төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою	млн. теңге	-	88	46	74	77
5.	Каспий теңізінің су басу аймағындағы мұнай ұңғымаларын жою және консервациялау	млн. теңге	-	5	7	6	6
6.	Құрылықтағы мұнай ұңғымаларын жою және консервациялау	млн. теңге	-	5	4	-	-
4. Қолданбалы ғылыми зерттеулер (003-баадарлама)							
5. Геологиялық зерттеулерді ақпараттық қамтамасыз ету							
6. Геологиялық ақпаратты қалыптастыру							
Есептеулер бойынша барлығы							

кестенің жалғасы

Р/с N	Жұмыс құны (млн. теңге)					
	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008-2010 жж.
1	9	10	11	12	13	14
1.	470,2	866,5	13713	1437,1	1509,0	5936,0
1)	288,5	383,9	403,1	421,2	4423	2519,8
1.	-	60,0	67,0	65,8	69,1	261,0
2.	248,1	269,5	282,9	265,7	275,5	1912,8
3.	-	-	-	30,0	35,0	120,0

4.	40,4	54,4	53,2	59,7	62,7	226,0
2)	181,7	3263	837,1	878,9	922,9	2940,0
1.	118,3	216,7	162,2	182,7	195,0	700,0
2.	63,4	99,6	639,9	656,2	677,9	2000,0
3.	-	10,0	35,0	40,0	50,0	240,0
3)	-	1563	131,1	137,0	143,8	476,2
1.	30,0	-	-	-	-	-
2.	-	156,3	131,1	137,0	143,8	476,2
2.	479,4	542,5	569,6	595,3	624,8	3339,6
1.	45,7	62,1	65,2	68,2	71,3	768,0
2.	-	-	504,4	527,1	553,5	2571,6
1)	320,6	341,6	288,3	301,0	316,0	1624,5
2)	-	-	35,2	37,2	89,2	410,7
3)	-	-	20,0	21,0	22,0	101,4
4)	-	-	50,0	33,8	22,5	67,5
5)	-	-	35,9	24,1	-	-
6)	-	-	-	35,0	66,3	255,0
7)	-	-	75,0	75,0	37,5	112,5
8)	113,1	138,8	-	-	-	-
3.	-	717,0	752,9	1361,4	1477,4	9889,6
1.	-	20,0	-	-	-	-
2.	-	2,0	-	-	-	-
3.	-	50,0	-	-	-	-
4.	-	292,0	112,9	273,0	286,6	7489,6
5.	-	240,0	560,0	513,7	539,4	2400,0
6.	-	113,0	80,0	-	-	-
4.	83,9	83,9	88,1	92,0	96,6	1654,8
5.	47,8	67,9	68,4	71,7	76,2	1887,5
6.	64,6	68,3	72,4	74,1	77,8	472,0
Есе- пте- улер бой- ынша бар- лығы	1175,9	2346,1	2922,7	3056,9	3210,4	23179,5

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 11 шілдедегі
№ 716 қаулысына

2-қосымша

**8. Елдің минералдық-шикізаттық кешенінің
ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға
арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі
іс-шаралар жоспары**

Р / с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
	1:200000 масштабында (ГДП-200) жер қойнауын геологиялық жете зерттеу 2003-2007 жылдар			
1	Көкшетау тау-кен ауданының шикізат базасын толықтыру, N-42 - XXX, N - 43 - XXV парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2001 - 2003 жж. қаңтар, шілде
2	Семей полигонында алтынға, сирек кездесетін металдарға және полиметалдық кен бөлінісіне перспективалық алаңдарды айқындау, М - 43 - XXIV, М - 44 - XIX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2001 - 2003 жж. қаңтар, шілде
3	Зырянов тау-кен ауданының алтын мен түсті металдар қорын толықтыру, М - 44 - XXIV, М - 45 - XIX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2001 - 2003 жж. қаңтар, шілде
4	Балқаш тау-кен металлургия комбинатының Сарышаған полигонында шикізат базасын толықтыру, L - 43 - XIII, L - 42 - XXX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2001 - 2003 жж. қаңтар, шілде
5	Жітіқара тау-кен ауданының шикізат базасын толықтыру, N - 41 - XXVII, XXXIII парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2002 - 2004 жж. қаңтар, шілде
6	Хромиттер, мыс, мырыш қорларын өсімін алу, М - 40 - XI, XVII, XVIII парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2001 - 2004 жж. қаңтар, шілде
7	Кенді Алтайда полиметалдар мен алтын	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат		

	шикізат базасын толықтыру, М - 44 - XVI парақ	касының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2002 - 2004 жж. қаңтар, шілде
8	Сарышаған полигонында алтын, полиметалдың кен бөлінісіне перспективалы алаңдарды айқындау, L - 42 - XVI парақ	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2002 - 2004 жж. қаңтар, шілде
9	Шалқия тау-кен ауданы шикізат базасын толықтыру және Батыс Қаратауда металл бар-жоғын анықтау, L - 42-XXV, XXXI, XXXII парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2001 - 2004 жж. қаңтар, шілде
10	Сарыөзек полигонында Текелі тау-кен ауданының шикізат базасын толықтыру, L - 43 - XXX, XXXV, XXXVI парақтары	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2002 - 2005 жж. қаңтар, шілде
11	Балқаш маңы тау-кен ауданында мыс, полиметалдар, алтын мен сирек кездесетін металдар шикізат базасын толықтыру, М-43- XXXI, L-43 - II парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2002 - 2005 жж. қаңтар, шілде
12	Текелі тау-кен ауданының шикізат базасын толықтыру, L -44- XIII, XIV парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2002 - 2005 жж. қаңтар, шілде
13	Жәйрем-Үшқатын тау-кен ауданының минералдық шикізат базасын толықтыру, М - 42 - XXVIII, XXIX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
14	Көкшетау тау-кен ауданының металл мен алмас бар-жоғына геологиялық жете зерттеу, оның шикізат базасын толықтыру, N - 42 - XXVII, XXVIII парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
	Алтын, полиметалдар болжамды ресурстарын	Қазақстан Республи-		

15	бағалау, К - 42 - XII, К - 43 - VII, VIII парақтар	қасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
16	Ембі полигоны аумағында никель, хром, титанның болжамды ресурстарын бағалай отырып, геологиялық жете зерттеу М-40-XXXIV, XXXV парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
17	Текелі тау-кен ауданының шикізат базасын толықтыру, L - 43 - XXXIV, К - 43 - III, IV парақтары	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
18	Қалба-Нарым және Батыс Куба металлогенді аймақтарының болжамды ресурстары мен металдың бар-жоғын бағалау, геологиялық жете зерттеу, Кенді Алтай минералдық-шикізат базасын толықтыру, М-44-XIV, XV парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
19	Қарағанды ауданының шикізат базасын толықтыру және алтын, полиметалдардың болжамды ресурстарын бағалау, М-42- XXIV, М-43- XIX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2003 - 2005 жж. қаңтар, шілде
20	Семей полигонында алтынға сирек кездесетін металдар мен полиметалдық кен бөлінісіне перспективалы алаңдарды айқындау, М - 44 - XX, XXI парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2007 жж. қаңтар, шілде
21	Көкшетау тау-кен ауданында металдың бар-жоғын бағалап, геологиялық жете зерттеу және шикізат базасын толықтыру, N - 42 - XXIX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2006 жж. қаңтар, шілде
22	Алтын, полиметалдардың болжамды ресур-	Қазақстан Республикасының	ЭМРМ	2004 - 2006 жж.

	старын бағалау, К - 43 - IX, X парақтар	Үкіметіне ақпарат		қаңтар, шілде
23	Кенді Алтай шикізат базасын толықтыру, полиметалдар, алтын болжамды ресурстарын бағалау, М - 44 - IX, X, XI парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2007 жж. қаңтар, шілде
24	Орталық Қаратау тау-кен ауданының минералдық-шикізат базасын толықтыру, К - 42 - II, III парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2007 жж. қаңтар, шілде
25	Жәйрем-Үшқатын тау-кен ауданының минералдық-шикізат базасын толықтыру, М - 42 - XXX, XXXVI, М - 43 - XXV парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2007 жж. қаңтар, шілде
26	Бенқала тау-кен ауданының алтын мен мысқа болжамды ресурстарын бағалап, геологиялық жетезерттеу, М - 41 - III, IX парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2006 жж. қаңтар, шілде
27	Текелі тау-кен ауданының минералдық-шикізат базасын толықтыру, L - 44 - XX, XXI парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2004 - 2007 жж. қаңтар, шілде
28	Хромиттер, мыс, мырыш қорлары өсімін алу, М - 40 - XXIII, XXIV парақтар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ	2006 - 2008 жж. қаңтар, шілде
